

XFTAP 17.71.91

Г.Т. Жиёмбаева, Ж. Сайын

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нур-Султан, Қазақстан
(E-mail: zgulbahram@mail.ru, jazirasaiyn@yandex.ru)

Тува түркілерінің фольклорындағы қаһармандық эпостар және оның ерекшеліктері

Андатпа. Фольклордың ең бай және ең көне жанрларының бірі - қаһармандық эпостар - ғасырлар бойы қалыптасып, әлем өркениетіндегі өзіндік орны айқындалған рухани құндылық, рухани мұра болып саналады. Қаһармандық эпостарда халықтың дәстүріне, мәдениетіне, тарихына, наным-сеніміне, дүниетанымына, салт-санасына, рухани болмысына, тіліне, діліне қатысты құнды қазыналар жинақталған. Түркі халықтарының бірі тува түркілерінің де көптеген ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан бай фольклорлық мұрасы бар.

Аталған мақалада тува түркілерінің қаһармандық эпостары, олардың ерекшеліктері, зерттеушілері, орындаушылары және мектептері туралы қарастырылады. Сонымен қатар, тува қаһармандық эпостарының жанрлық жағынан топтастырылуы қарастырылып, эпостарда кеңінен кездесетін баласыздық зары, батырдың балалық шағы, ат қою, тұлпар мотивтеріне тоқталып, жан-жақты мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: тува түркілері, қаһармандық эпостар, қаһарман, баласыздық зары мотиві, ат қою мотиві, тұлпар мотиві.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-110-115>

Тува түркілері талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай, асыл қазына, халық шежіресі фольклорға бай халық. Тува фольклорында қаһармандық эпостардың алатын орны ерекше. Тува түркілері эпостар мен ертегілерді тоол деп атайды. Қаһармандық эпостарды *маадырлыг тоол* немесе *маадырлыг эпос* деп атаумен қатар, *тоожу* терминін де қолданады [1, 78 б.].

Тувалар ертегі айтушыларды *тоолчу* деп атайды. Тоолчулар әрі ертегі, әрі эпостарды жырлайды. Тоолчулар ертегі мен эпостарды жасы үлкен туыстарынан немесе ұста тоолчулардан үйренеді. Ертегі, эпос жырлау стилі, әдісі әкеден ұлға немесе ұстаздан шәкіртке қонатындықтан түрлі ертегі және эпос мектептері пайда болған. Тувалардың эпос, ертегі жыршылары негізінен орта жастағы немесе жасы келген ер адамдар болып келеді. Тоолчулар 10-12 жастарынан бастап жыршылықты бастап ерте танымал бола бастайды. Туваларда тоолчу әйел адамдар да кездеседі. Олар көбіне балаларға «кара тоол» деп аталатын қарапайым ертегілерді жырлайды.

Тува эпостары ертегіге ұқсас келсе де қиял-ғажайып және әсірелеу арқылы батырлық іс-әрекеттерді мадақтайтын шығарма. Тува халқы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан эпостарында өздерінің салт-дәстүрлерін, сенімдерін, тәжірибелерін, білімдерін, қоғам өміріне байланысты тарихи оқиғаларды, ойларын, жарқын келешекке деген қалауларын сыйдыруға тырысқан.

Тува фольклорына деген қызығушылық XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңдерінде орыс ғалымдары В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Н.Ф. Катанов, Ф.Я. Кон және тағы да басқа ғалымдар «Бағай-Чуру», «Қаңғывай Мерген», «Ертине Мерген», «Танаа-Херел» және т.б. қаһармандық эпостарды жинақтап жазды. Алайда эпостарды ғылыми тұрғыдан зерттеу қолға алынбады.

Қазан төңкерісінен кейін тува фольклорын жинау, зерттеу жұмыстары қолға алына бастады. Тува фольклорлық шығармаларын жинақтап жариялауда ғалым *А.А. Палмбах*, жазушылар *Б. Хөвенмей*, *С. Пүрбү*, *С. Сарыг-оол*, *С. Тока* көп еңбек сіңірді.

Тува Кеңестер Одағының құрамына кіргеннен кейін Тува тіл, әдебиет, тарих ғылыми-зерттеу институтының құрылуымен фольклорға деген қызығушылық арта түсті. 1945 жылдан бастап аталған институт ғалымдардың атсалысуымен тува фольклорлық туындыларының үлгілерін жазбаға түсірді және кассеталарға жазып алып мұрағаттарға сақтауға алды. Институттың мұрағатында қаһармандық эпостар мен олардың бірнеше нұсқалары сақталған. Олардың арасында «Он беш харлыг Алдай Сүмбүр» (16 нұсқа), «Боралдай-Мерген» (13 нұсқа), «Ерге-Кара-Сыйбын» (11 нұсқа), «Хөөкүй-Кара» (11 нұсқа), «Кангывай-Мерген» (9 нұсқа), «Ертине-Мерген» (7 нұсқа) сияқты эпостар бар [2, 16 б.].

Институт 1947 жылдан бері танымал эпостардың 12 антологиясын дайындаған. Осы антологияларда 52 қаһармандық эпос берілген. Бұдан басқа орыс тілінде жарыққа шыққан алты антологиядағы алты қаһармандық эпос *Л.В. Гребнев*, *М.А. Хадахане*, *Н.А. Сердобов* аудармаларында берілген.

Тува қаһармандық эпостарын зерттеуді этнограф ғалым *Л.В. Гребнев* бастады. Ғалымның «Тувинский героический эпос» атты кітабында тувалардың тарихына, этнографиясына үлкен мән берілген. Сонымен қатар, қаһармандық эпостар топтастырылып, пайда болу кезеңдері қарастырылған.

Танымал Кеңес Одағының ғалымдары *академик В.М. Жирмунский*, *филология ғылымдарының докторлары Е.М. Мелетинский*, *Б.Н. Путилов*, *И.В. Пухов* және басқа да ғалымдар түркі-моңғол халықтарының қаһармандық эпостарын салыстырмалы талдау барысында Оңтүстік Сібір және тува халықтарының да эпостарын қарастырған. Хакас ғалымы *В.Я. Майногашеваның* «Хакас болгаш Тува улустарның эпозу Похат-Хирис (Бокту Кириш)» атты еңбегінде хакас және тува фольклорында кездесетін «Бокту Кириш» эпосы жан-жақты салыстырып зерттелінген. *С.М. Орус-оолдың* «Тувинские героические сказания: текстология, поэтика, стиль» еңбегі тува қаһармандық эпостарының поэтикасын зерттеуде құнды еңбектерден бірі саналады [3, 25 б.].

Түркияда тува қаһармандық эпостарын аударып, зерттеп жүрген *Метин Ергун*, *Мехмет Ача*, *Екрем Арыкоглы* т.б. ғалымдарды ерекше атауға болады.

Тува халқы қаһармандық эпостарын қыста да, жазда да, аңшылықта, бала дүниеге келгенде, үлкен кісілер жиылған жерлерде де үлкен қызығушылықпен тыңдайды. Олар танымал жыршылардың қадірін біледі, эпос айту үшін олардың жұмыстарын бірге атқарысады, дәмді тамақ жасап құрмет көрсетеді, қажет болған заттарын да қолдарынан келгенше тауып беруге тырысады. Тувалар да көшпелі тұрмыс-тіршіліктен отырықшылыққа ауысқаннан кейін бұрынғыдай ауыл ауылды аралап аңшылармен орман, тауға барудан қалды.

Маннай, *Самбу*, *Балган*, *Чүлдүм-оол*, *Бойду*, *Амырбит*, *Хүргүл-оол* сияқты танымал тува эпос жыршыларын халқы ешқашан ұмытпайды. Эпос жыршыларының айтқандарын жинақтап, жаңа ұрпақтың пайдалануына үлкен үлес қосқан жазушылар *Б. Хөвенмей*, *С. Сарыг-оол*, *В. Көк-оол*, *А. Төгүй-оол*, *К. Тойун*; ғалымдар *А. Калзан*, *Д. Куулар*, *О. Дарыма*, *Ш. Сат* еңбектері аса зор екендігін айтпай өтуге болмайды.

Тува эпос тоолчуларының мектептері: 1. Ұлыг-Хем мектебі; 2. Сүт-Хөл мектебі; 3. Дзун-Хемчик (Доргун) мектебі; 4. Монгун-Тайга мектебі [4, 72 б.].

Тува эпостарын зерттеуші ғалым *Л.В. Гребнев* алғашқы қаһармандық эпостардың VII-IX ғасырларға тиесілі екенін атап өтеді. Ғалым эпостардың сонау бағзы замандардан бастап тарихтың ұзақ жолынан өтіп жаңа ұрпаққа жетіп тарихи оқиғалардың әсерімен өзгере отырып дамығандығын атап өтеді.

Тува қаһармандық эпостары үшке бөліп қарастырылады. *Бірінші, батырлардың*

қалыңдық жолындағы күресін қамтитын қаһармандық эпостар: «Он бес харлығ Алдай-Сүмбүр», «Алдын-Чагай», «Анаа-Мерген», «Хан-Шилги аттығ Хан Мөге», «Қаң-Кара-Мөге», «Танаа Херел». Қалыңдық іздеу батырдың алғаш рет елінен шығуының себебі болумен қатар батырлыққа, ерлікке де алғаш рет осы сапарда қол жеткізеді. Өйткені ол жердің шетінде өмір сүріп жатқан хан қызы әдемі ханшайымға бара жатқанда жолда бірінен соң бірі кезігетін кедергілерді жеңіп батырлық көрсетеді. Қалыңдықтың еліне барғаннан кейін де қыздың әкесінің ұйымдастырған оқ ату, ат жарысы сияқты сынақтарында ең күшті бәсекелестері Деер ұлы Демир Мөге, Ай ұлы Алдын Мөге, Хүн ұлы Хүмүш Мөге, Чер ұлы Черзи Мөге және т.б. мифологиялық жаратылыс иелерімен жарысуға мәжбүр болады. Соңында батыр өз күшімен жарыста жеңіске жетіп, ханшайымға қол жеткізеді.

Кейбір қаһармандық эпостарда ату, жарысудан басқа батырдың қайын атасы күйеу баласынан құтылу үшін барса қайтуы қиын қауіпті жерлерге жібереді. «Танаа Херел» эпосында жүз сегіз әйелі бар Шаң Хаан Танаа Херелдің алып келген алтын ханшайымын қулықпен өзіне алу үшін шайтан әлеміндегі Ерлин Ловуңға берген лашын құсының терісінен жасалған көйлекті, қозы терісінен жасалған жеңсіз киімді, үстінде белгісі бар қара бұлғын бас киімін әкеліп беруді тапсырады. Танаа Херел ханның айтқанын қаншама кедергілерден өтіп әкеліп бергеннен кейін алтын ханшайымымен тыныш та, бақытты өмір сүруін жалғастырады. Сапарға шыққан батыр батыл, ақылды, ержүрек болып келеді. Эпостарда батыр қаншама қиындықтарды басынан өткізсе де соңында мақсатына жетеді.

Екінші, батырлардың қалыңдық іздеуге шығумен қатар еліне шапқыншылық жасаған дұшпандармен күресуі жырланатын эпостар. Бұл топтағы қаһармандық эпостарға: «Мөге Шагаан Тоолай», «Күчүн Хүрен аттығ Хүрү Маадыр», «Кажыр Кара Хаан», «Арзылаң Кара аттығ Хунан Кара», «Баян Тоолай», «Арзылаң Кыскыл аттығ Арзылаң Мерген» эпостары жатады.

Аталған топтағы эпостарда екі немесе үш ұрпақтың батырлары туралы оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар эпоста әр ұрпаққа арнайы бір бөлім арналған. Екі ұрпақ баяндалатын қаһармандық эпостарда алдымен әкесінің өмірі, одан кейін оның ұлының батырлық істері баяндалады. Бұған «Баян Тоолай» эпосы мысал бола алады. Аталған эпостың ауқымды бір бөлімінде батырдың екінші буын ұрпағының өмірі баяндалады. Өкелері жеріне шапқыншылық жасаған Караты Хаанның қолынан өледі.

«Мөге Шагаан Тоолай» эпосында үш ұрпақ батырларының өмірі баяндалады. Эпостағы бірінші ұрпақтың өкілі аталары ешқандай ерлік жасамастан өліп қалады. Екінші буын өкілі, оның ұлы еліне шапқыншылық жасаған дұшпандармен күресіп солардың қолынан өледі. Үшінші буынның өкілі немересінің дүниеге келгеннен бастап өсуі, күшеюі, аңға шығуы, жабайы атты үйретуі, қалыңдық іздеуі, әкесін өлтірген шапқыншы жаумен күресі эпоста жан-жақты баяндалады.

Қасиетті отанын өзінің өмірін аямай қорғауы, халқын шапқыншылардың қолынан азат ету, өзіне қарсы шыққан дұшпандарға қарсы күрес осы топқа жататын эпостардың басты сюжеті саналады. Осы күресте батырдың шапқыншыларды жеңуі әділдік үшін, әлемдегі мейірімсіздікті, қаталдықты жоқ қылу үшін күрескендердің өлімсіз екендіктерін халықтың сеніміне ұялата түседі.

Үшінші, батырдың шапқыншы дұшпандарға қарсы күресін баяндайтын эпостарына «Қаңғывай Мерген», «Улуг Кара Мөге», «Хөөкүй Кара», «Өлееди Мерген», «Ерге Кара Сыйбың» эпостары жатады.

Аталған топқа кіретін эпостардың ерекшелігі – мұнда сыртқы шапқыншылардан басқа ішкі дұшпандар (батырдың анасы, әпкесі немесе әйелі) батырмен күреседі. Олар сатқындық жасап, елін басып алуға келген дұшпандарға болысады. Мысалы, «Қаңғывай Мерген» эпосында батырдың әйелі күйеуіне ішімдік ішкізіп улап, шапқыншы дұшпан Хан Күчүмен бірге Қаңғывай Мергеннің барлық мал-мүлкін алып кетеді.

«Ерге Кара Сыйбың» эпосында батырға оның анасы мен әпкесі қарсы тұрады. Анасы жасырынған шапқыншы ханның қолдауымен ұлын өлтіру үшін оған өте қиын тапсырмалар беріп, алыс жолға жібереді. Батыр өтірік ауру болып жатқан анасын құтқару үшін қауіп-қатерге толы сапарға шығып анасының қалағандарын әкелуге тырысады. Ұлын өлтіріп, қызын жанына алған анасы дұшпанының еліне көшіп кетеді. Тува эпостарында батырлар ең жақындары қаншалықты сатқындық жасаса да соңында дұшпандарын жеңіп, жеңіске жетеді.

Тува қаһармандық эпостарынан тарихи оқиғалардың ізін қалдырып, өзгеріске ұшырағандығын да көре аламыз. Бір эпоста өте ерте заманның (жындар, айдаһарлар, шайтандар, көп басты жыландармен күрес) және жаңа заманның (басқыншы хандар, дұшпандармен күрес) белгілерін бірге көруге болады.

Тува қаһармандық эпостарында батыр дұшпандарынан өш алып, жеңіске жетеді. Молшылық пен бейбітшілікке қол жеткізген батыр және оның халқының бақытты өмірімен эпос аяқталады.

Кейбір тува эпостарының сюжеті, баяндалу түрі көрші қалмақ, моңғол, саха, алтай, хакас, шорларға қатты ұқсас келеді. Тува эпосы «Бокту Кириш - Бора Шеелей», хакас эпосы «Похта Кирис», алтай эпосы «Алтайын Сайын Салам», қырғыз эпосы «Ақ қойон», бурят эпостары «Айдурай Мерген», «Аламжы мерген» сюжеттері жағынан бір-біріне қатты ұқсас болып келеді.

Тува эпостарында «баласыздық зары» кең таралған мотивтерден бірі саналады. Алдай Буучу үш жүз жасына дейін перзентсіз болады. Тоқсан күн ойланып қасиетті қара кітабын ашады, ламаға бас бұруға ниеттенеді. Ламаның отауына кіріп тоқсан күн дұға, тілек қылады. Лама қасиетті қара кітабына қарап қызыл қапты дәрісін береді. Алдай Буучуға осы дәріні үш түн әйеліне езіп ішкізуі керектігін айтады. Осыдан кейін екі-үш айдан кейін Алдай Буучуның әйелінің аяғы ауырлайды. Бұл эпостан балалы болу барысында діни элементтерді, халық емшілігінің де орын алғандығын көреміз.

«Танаа Херел» эпосында [2, 209-263 б.] Шаң Хаан жүз сегіз әйел алғанына қарамастан перзентіз. Білге бақсыға барып кеңескеннен кейін батыста тұратын Пат-Патпалчын ханның патшайымын шақырып дұға, тілек тілесе баласы болатынын біледі. Алайда ол жаққа баратын адам таба алмайды. Бір қарт адам үш жасындағы ұлының бара алатынын айтса да баланың мінген атының барлығының белдері сынады. Бала үш жыл буаз болып үш айда туа алмаған биенің тайына ғана міне алады. Эпос Танаа Херел деп аталатын бұл баланың патшайымды шақыру үшін жолға шығуымен әрі қарай жалғасады. Аталған эпос Танаа Херелдің батырлықтарын баяндайды. Алайда, эпостың бастапқы бөлімінде батырдың тікелей өзіне қатысы болмаса да баласыздық мотиві орын алған.

Кейбір тува эпостарында батыр болар баланың жасы санамаланып, оның әр жастағы мінез-құлқы, іс-әрекеті сипатталады. Тува халқының «Бокту Кириш – Бора Шеелей» қаһармандық эпосындағы «белі шойыннан, кеудесі болаттан жаралған» батырдың тез өсуі былайша суреттеледі: «Бир хонгаш,/ «Бир харлыг мен» деп, /Ижи хонгаш/ «Ижи харлыг мен» – деп /Бір күн өтті/ Бір жасқа келдім, деді/Екі күн өтті/Екі жасқа келдім, деді [2, 79 б.]. Бала алғашқы ерлігін екі мифтік құбыжық шулбуларды өлтіру арқылы көрсетеді.

Тувалардың «Баян Тоолай» эпосында да ғажайып балалық шақ эпизоды суреттелген [5, 479-s]. Аталған эпоста Мөге Баян Тоолайдың әйелі дүниеге әкелген бала бес-алты еңбектеп, оныншы күннен кейін жүгіріп, ойнай бастайды.

«Алдын Чаагай» эпосында батыр төрт жасынан бастап әпкесі мен қарындасын асырау үшін аңшылықпен айналысады [5, 527 s.].

Тувалардың «Мөге Шагаан Тоолай» эпосында қартайған Сай-Куу дүниеге әкелген бала екі күнде анасын танып, үш күннен кейін жүреді, анасын еміп жүріп, аң аулап үйіне әкеледі. Орманда бір мақұлықты өлтіріп қарнын жарғанда қарнынан адамдар шығып өзіне

бата береді [5, 26 б.].

Эпостарда бала дүниеге келгеннен кейін жасалатын ерекше маңызды шараларынан бірі – ат қою рәсімі. Есім – әлеуметтік тұлғаны ғана емес, мифологиялық күшті де білдіреді. Тува эпостарында да балаға есімді көбіне ақсақалдар қояды. Сонымен қатар, тұлпардың да ат қойғандығын көреміз. Мысалы, «Ары-Хаан» эпосында ағаш қуысында туған бала мен оның атына көктен түскен Ақ Сарық атты кәрі ат үгіт-насихатын айтып ат қояды [2, 236 б.].

Эпостарда батырдың жеңіске жетуіне тұлпардың қосатын үлесі аса зор. Түркі халықтарының қаһармандық эпостарында қаһарман қалай асқақтатылса, тұлпарының да сол дәрежеде асқақтатылғандығын көреміз. Яғни тұлпар бейнесі ерекше сүйіспеншілікпен бейнеленеді. Эпостардың басым көпшілігінде қанатты ат, ұшатын ат, сөйлейтін ат мотивтері кездеседі. Осы ғажайып ерекшелігі арқасында кейде батырды қиындықтардан құтқарады, кейде батырды қалаған жеріне қысқа бір мерзімде жеткізеді. Көкке қарай ұшқан аттар ұзақ уақыт көкте қалып, батырды қауіп-қатерден сақтап қалаған жеріне жеткізеді. «Бокту Кириш - Боро Шеелей» тува эпосында Бокту Кириш пен аты үш жылдық қашықтықты қаспен көз арасында шауып өтеді [2, 204-205 б.].

Қаһармандық эпостар тувалардың әлемге, табиғатқа, қоғамға деген көзқарастарын көрсетумен қатар жаңа ұрпақтың тәрбиесінде де маңызды орын алады. Сол себептен де қаһармандық эпостар халықтың рухани тұрмыс-тіршілігінің ең маңызды, ең басты элементтерінен бірі саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Yıldız N. Türk dünyası destancılık geleneği ve destanlar. – Ankara: Akçağ yayınları, 2015. – 675 s.
2. Tuva Destanları. / hzl.: E. Arıkoğlu, B. Borbaanay. – Ankara: Öncü Basımevi, 2007. – 581 s.
3. Орус-оол С.М. Тувинские героические сказания: текстология, поэтика, стиль. – М.: МАКС Пресс, 2001. – 422 с.
4. Metin E., Aça M. Tıva Kahramanlık Destanları 2. – Ankara: Akçağ Yayınları, 2005. – 399 s.
5. Ergun M., Aça M. Tıva Kahramanlık Destanları I. – Ankara: Akçağ yayınları, 2004. – 495 s.

Г.Т. Жиёмбаева, Ж. Сайын

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Героические эпосы фольклора тувинских тюрков и их особенности

Аннотация. Героический эпос, один из самых богатых и древних жанров фольклора, является духовным наследием, создававшимся на протяжении веков, поэтому он занимает особое место в мировой цивилизации. Они содержат ценные сведения о традициях, культуре, истории, верованиях, мировоззрении, традициях, духовности, языке и менталитете народа.

Тувинцы, являющиеся одним из тюркских народов, обладают богатым фольклорным наследием, которое развивалось и формировалось на протяжении многих веков. В данной статье рассматриваются особенности героических эпосов тувинских тюрков, а также представлены сведения об исследователях эпосов, их исполнителях и школах. Кроме того, рассматривается жанровая классификация тувинских героических эпосов, приводятся и анализируются часто встречающиеся мотивы, такие как бездетность, детство батыра, инициация, конь.

Ключевые слова: тувинские тюрки, героические эпосы, герой, мотив бездетности, мотив инициации, мотив коня.

G.T.Zhiyembayeva, Zh.Sayin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Heroic epics of folklore of Tuvan Turks and their features

Abstract. One of the richest and most ancient genres of folklore, the heroic epic is a spiritual heritage that has been created over the centuries and has its place in world civilization. Heroic epics contain valuable information about the traditions, culture, history, beliefs, worldview, traditions, spirituality, language and mentality of the people. The Tuvans, one of the Turkic peoples, have a rich folk heritage, which has been developed and formed for many centuries.

This article discusses the heroic epics of the Tuvan Turks, their features, researchers, performers and schools. In addition, the article examines the genre classification of the Tuvanian heroic epic and provides some examples of motifs common to heroic epics, such as infertility, childhood of a warrior, the initiation, the horse.

Keywords: Tuva Turks, the heroic epics, the hero, the motif of childlessness, the motif of initiation, the motive of a horse.

References

1. Yıldız N. Türk dünyası destancılık geleneği ve destanlar [Turkish World saga and legends] (Ankara, 2015).
2. Tuva Destanları [Tuva Legends], / hzl.: E. Arıkoğlu, B. Borbaanay (Ankara, 2007).
3. Orus-ool S.M. Tuvinskiye geroicheskiye skazaniya: tekstologiya, poetika, stil [Tuvan heroic tales: textology, poetics, style], (Moscow, 2001).
4. Metin E., Aça M. Tıva Kahramanlık Destanları 2 [Tuva Heroic Epic 2] (Ankara, 2005).
5. Ergun M., Aça M. Tıva Kahramanlık Destanları I [Tuva Heroic Epic I] (Ankara, 2004).

Авторлар туралы мәліметтер:

Жиембаева Г.Т. – түркітану кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Сайын Ж. - түркітану кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш. 2, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Zhiyembayeva G.T. – PhD, senior lecturer of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Sayin Zh. - PhD, senior lecturer of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.